Келісемін
Мұнайлы аудандық білім бөлімінің басшысы
_____ С.Жұбанов
«08» 09 2025ж

Бекітемін
«№4 жалпы білім беретін мектеп» КММ директоры
_____ А.К.Абдраймов
«__» _____2025ж

«МҰНАЙЛЫ АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
« №4 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ

2025 – 2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ

ТИПТІК ОҚУ ЖОСПАРЫ

2025-2026 оқу жылында «№4 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіндегі қосымша сағаттар туралы түсінік хат

Оқу процесін ұйымдастыру кезінде ««2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы»» әдістемелік-нұсқау хаты басшылыққа алынды.

Оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген «"Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы»(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы, 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығы), «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы сәйкес құрастырылған.

Оқытудың бастауыш сатысы

2025-2026 оқу жылындағы 1-4 сыныптардың типтік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 11-қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2024 жылғы 27 маусымдағы №161 бұйрығының 6-қосымшасы негізге алынды.

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша тілдерді кезең-кезеңмен оқыту шеңберінде 3-сыныптан бастап аптасына 2 сағат көлемінде «Шет тілі» пәні енгізілді. 3,4-сыныпта «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері аптасына 1 сағаттан оқытылады. «Жаратылыстану» пәні 3-сыныпта аптасына 1 сағаттан, 4-сыныпта аптасына 1 сағаттан оқытылатыны ескерілді.

Оқу жүктемесінің вариативтік компонент есебінен таңдау пәндері оқытылады.

1 сыныптарда «Шахмат»-7 сағат, 2 сыныптарда «Шахмат» -3 сағат, домбыра тарту бойынша «Домбыра-дастан» -3 сағат оқытылады. 3 сыныптарда «Көркем жазу»6 сағат, 4 сыныптарда «Жұмбақтар сандығы»- 7 сағат, Дене шынықтыру пәні бойынша спорттық ойындарынан 1-2 сыныптарда «Шахмат», «Дойбы», «Алтын сақа», «Бес тас», «Тоғызқұмалақ», 3-4 сыныптарда «Көшпек», «Дойбы», «Бестемше» үйірмелері алынды.

Оқытудың негізгі сатысы

Төмендетілген оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарын таңдауға байланысты инвариантты компоненттегі таңдау пәндерінің комбинациясы (7-9-сыныптар) жасақталды. Пәндер комбинациясында 2 пәннің атауы

көрсетілген, үшінші пән – таңдау бойынша пән (әрқайсысы 1 сағаттан), яғни 7-9 сыныптарда вариативті компоненттен тағы 1 сағат алуға мүмкіндік берілген. Осыған орай 7-9 сыныптарда пәндер комбинациясы құрылып, оқу жоспары кестесінде көрсетілді.

Оқушы компонентінен кәсіп алды дайындық пен жеке дамуға бағытталған «Жаһандық құзыреттер» курсы жүргізілуде.

Жаһандық құзыреттер жаһанданудың қарқынмен дамып келе жатқан ықпалына, жедел әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, мәдениет пен ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты ерекше мәнге ие болады.

«Жаһандық құзыреттер» курсы бойынша 5- сыныптарға - 0,5 сағат (екі аптада бір рет), 6- сыныптарға - 0,5 сағат (екі аптада бір рет), 7- сыныптарға - 0,5 сағат (екі аптада бір рет), 8- сыныптарға - 0,5 сағат (екі аптада бір рет), 9 – сыныптарға - 1 сағат бөлінді.

Курс бес бірлікті қамтиды: «Парасаттылық және этика», «Азаматтық және патриотизм», «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Тіршілік қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет», 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану» юниті.

Оқытудың жоғарғы сатысы

Білім беру кеңістігінде бәсекелестік бағытты қалыптастыруға арналған, Қазақстан Республикасының білім беру реформасының аспектілерінің бірі жалпы орта білім деңгейінде кәсіптік білім беру. Жалпы орта білім беру деңгейінде оқушыларға жекелеу жүйесі ретінде кәсіби білім беру жолдары қарастырылады. Осыған орай жоғарғы сынып оқушылары екі бағытта оқытылады: қоғамдық - гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыт. Осы бағытты таңдауда мектеп ата-аналар мен оқушылардың сұранысын есепке алады.

Мектептің вариативтік компонентінен «Жаһандық құзыреттіліктер» бойынша 10-сыныптарға -1 сағат, 11-сыныптарға 1 сағаттан бөлінді.

10-11 сыныптарда ұлттық құндылықтарды дәріптеудің бір саласы-патриотизм. Ұлы даланың әскери дәстүрінде тек соғыс өнері ғана емес, сонымен бірге рухани тәрбие де маңызды. Сонымен бірге қоғамдық өмірдің маңызды салалары – экономика, саясат, білім беру, денсаулық сақтау, отбасы, еңбек және т.б. арнайы заңдар арқылы реттелетіндігі белгілі. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағыттау және қоғамда тәртіп пен тұрақтылық орнатуға талпыну мақсатында элективті курстан «Ұлы даланың тарихындағы әскери дәстүр» 3 сағат, «ҚР негізгі қоғамдық процестерді құқықтық реттеу негіздері» 2 сағат берілді.

Инварианттық компоненттен таңдау пәндері бойынша 10- сыныптарға математикаға 2 сағат, құқық негіздеріне 1 сағат, физикаға 2 сағат, географияға 1 сағат, биологияға 1 сағат, орыс тілінен 2 сағат; информатика 1сағат; Қазақстан тарихы 1 сағат; химия 1 сағат; 11- сыныптарда қазақ

тіліне 2 сағат, құқық негіздері 1 сағат, алгебраға - 3 сағат, физикаға – 1 сағат, география 1 сағат, химияға 1 сағат бөлінді.

Осы аталған курстар жоғарғы сынып оқушыларының шығармашылық қасиеттерін, іздемпаздық мәдениеті мен сараптама жүргізу қабілеттерін дамытуға негіз болады.

Мектеп директоры **А.К.Абдраймов**